

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Ғылыми кеңесінің №26 мәжілісі
29.06.2026 ж. сағат: 10.00
Қатысқандар: Ғылыми Кеңес мүшелері қатысу парағына сәйкес.

КҮН ТӘРТІБІ

1 сұрақ – 2025-2026 оқу жылының көктемгі семестр бойынша оқу қызметінің қорытындысына талдау және оқу үдерісінің сапасын арттыру міндеттері (Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер бойынша проректор Д.М.Абдрашева)

2 сұрақ – Қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағаларының есептерін бекіту туралы (Оқу үдерісін ұйымдастыру және диспетчерлік қызмет басқармасының басшысы Д.М.Жарылғапова)

3 сұрақ – Студенттерді ақылы бөлімнен босаған ваканттық білім гранты орындарына ауыстыру туралы (Оқу үдерісін ұйымдастыру және диспетчерлік қызмет басқармасының басшысы Д.М.Жарылғапова)

4 сұрақ – «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ-ның Академиялық саясатына өзгеріс енгізу туралы» (Академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің директоры А.Ж.Бұхарбаева)

5 сұрақ – Ғылыми кеңестің 2025-2026 оқу жылының екінші жартыжылдығында қабылданған Қаулылардың орындалуы туралы (Арнайы комиссияның төрағасы Г.Қ.Сыдыкова)

6 сұрақ – Әртүрлі, оның ішінде:

6.1 сұрақ – 2026-2027 оқу жылына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Профессор-зерттеуші» лауазымына үміткерлерді ұсыну (Ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы Мыңжас Нұрлыбек Кәрібозұлы)

6.2 сұрақ – Оқу құралдары мен түсіндірме сөздігі және естеліктер жинағын баспаға ұсыну (Ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы Мыңжас Нұрлыбек Кәрібозұлы).

6.3 сұрақ – Докторанттардың және магистранттың диссертация тақырыбына өзгертулер енгізіп, қайта бекітуге және докторанттардың отандық, шетелдік ғылыми кеңесшілерін қайта тағайындау (Ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы Мыңжас Нұрлыбек Кәрібозұлы).

6.4 сұрақ – 2026-2027 оқу жылының оқу үдерісінің кестесін және академиялық күнтізбесін бекіту (Академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің директоры А.Ж.Бұхарбаева)

6.5 сұрақ – №1, №5 оқу ғимараттарының екі дәрісханасына атау берілу туралы (Гуманитарлық-педагогикалық институтының директоры С.Т.Тайман, Инженерлік-технологиялық институтының директоры Б.Б.Абжалелов)

Төраға: Қайырлы күн құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Бүгін Ғылыми кеңестің 26 мәжілісінің жұмысын бастауға мүшелердің 41 құрам санының 35 қатысып отыр. Қалғандары дәлелді себеппен қатыса алмай отыр. Ғылыми кеңес жұмысын жүргізуге кворум бар. Сіздерден қандай ұсыныс болар екен?

Б.А.Досжанов: Ашылсын.

Төраға: Сіздердің тараптарыңыздан «Ашылсын» деген ұсыныс түсті. Ғылыми Кеңес мәжілісін ашық деп жариялаймын. Күн тәртібін бекітуге дауыс берулеріңізді сұраймын.

Қолдаушылар – 35 адам,

Дауыс беру нәтижесі: иә-35, қарсы, қалыс жоқ.

Төраға: Күн тәртібі бекітілсін. Бүгінгі Ғылыми Кеңесімізді ашық деп жариялаймын!

1 сұрақ. 2025-2026 оқу жылының көктемгі семестр бойынша оқу қызметінің қорытындысына талдау және оқу үдерісінің сапасын арттыру міндеттері бойынша Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер бойынша проректор Д.М.Абдрашеваның орнына Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор Б.А.Досжанов баяндама жасайды.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Академиялық мәселелер бойынша проректор Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор *Досжанов Баянәлі Амантайұлы* 2025-2026 оқу жылының көктемгі семестр бойынша оқу қызметінің қорытындысына талдау және оқу үдерісінің сапасын арттыру міндеттері туралы *ақпараттар берді*.

Баяндаманың негізгі тезистері:

1. Ұйымдастырушылық құрылым және Нормативтік база

Университет қызметі ҚР білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге, Университет Жарғысына, Академиялық саясатқа және 2023-2029 жылдарға арналған даму тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Құрылымы: 6 институт, 20 білім беру бағдарламасы (кафедра), 4 секция, 6 ғылыми орталық.

2. Әлемдік және Ұлттық рейтингтердегі орны

QS World University Rankings (QS WUR) – 2025: 1401+ орын.

Азия континентінде: 541-560 орын.

Орталық Азияда: 34-орын.

UI Green Metric: 1015-орын.

Times Higher Education (THE) Impact Rankings: 1501+ (2025 ж.)

1001-1500 (2026 ж.) аралығына көтерілді.

IAAR (Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі): 7-орын.

«Атамекен» ҰКП рейтингі: 31 білім беру бағдарламасы (БББ) ТОП-3 қатарына енді.

3. Кадрлық әлеует

Ғылыми дәрежелілік: 52,7%-ға жетті (2025 жылғы 49,7%-бен салыстырғанда өсім бар).

Құрамы: Ғылым докторы – 4,3%, PhD докторлары – 9,1%, Ғылым кандидаты – 36,2%, Оқытушылар – 50,4%.

Жаңарту: 2025-2026 оқу жылында 15 профессор-оқытушы PhD докторлық диссертациясын қорғады.

Орташа жас: ПОҚ – 47 жас, қызметкерлер – 46 жас.

4. Білім беру контингенті және Жетістіктер

Жалпы контингент: 10 830 білім алушы.

* Бакалавриат: 10 208 (оның ішінде 270-і шетел азаматы).

* Магистратура: 532.

* Докторантура (PhD): 90.

Қаржыландыру: 5431 мемлекеттік грант, 25 облыс әкімінің гранты.

Президент стипендиаты: 2026 жылы – 25 студент.

Студенттер жетістігі: Республикалық пәндік олимпиадаларда 19 БББ бойынша 67 білім алушы жүлделі орындарға ие болды (I дәрежелі диплом – 3 БББ, II дәрежелі – 4 БББ, III дәрежелі – 12 БББ).

Үштілді білім беру: 8 БББ бойынша 372 студент білім алуда.

5. Халықаралық серіктестік және Жасанды Интеллект (ЖИ)

Қос диплом және бірлескен бағдарламалар:

Ташкент ирригация және ауылшаруашылығын механикаландыру инженерлері институтымен (Өзбекстан): 6 бірлескен бағдарлама.

Беларусь мемлекеттік педагогикалық университетімен: «Биология» мамандығы.

Мәскеу авиация институтымен: «Компьютерлік технологиялар және бағдарламалық қамтамасыз ету» қос диплом бағдарламасы.

Ж. Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университетімен: «Педагогика және психология» мамандығы.

Жасанды Интеллект және SeoulTech жобасы:

IT-кафедралар қайта құрылымдалып, SeoulTech-пен бірлесе отырып жаңа Жасанды интеллект мектебі құрылды (Data management, AI architect бағдарламалары).

Оқу процесіне ChatGPT Edu бағдарламасының 573 тегін лицензиясы енгізіліп, профессор-оқытушыларға берілді. Оқытушылар ЖИ қолдану бойынша арнайы әдістемелік нұсқаулықтарды басшылыққа алады.

6. Оқу үдерісін ұйымдастыру және Инновациялар

Жүктеме және оңтайландыру: 2026-2027 оқу жылынан бастап ПОҚ-ның орташа оқу жүктемесі жылдық 680 сағаттан 630 сағатқа төмендетіледі. Босаған уақыт білім алушылардың аудиториядан тыс өзіндік жұмысына (БАӨЖ) бағытталады.

Ынталандыру: IELTS деңгейі 5,0 және одан жоғары оқытушыларға еңбекақы үстемеақысы төленеді.

QR-код арқылы бақылау: Платонус жүйесінде студенттердің сабаққа қатысуын бақылау үшін «QR-код» енгізілді. Ол арқылы 3 түрлі сараптамалық есеп дайындалады.

Мазмұнды жаңарту: 2026-2027 оқу жылына заманауи еңбек нарығы мен цифрлық трансформация талаптарын ескеретін 8 инновациялық және 7 жаңа БББ енгізу жоспарланды.

Стандарттарға сәйкестік: Педагогикалық бағыттағы БББ кәсіби стандарттарға 100% сәйкес келсе, техникалық, экономикалық және құқық бағыты – 92% сәйкестікті көрсетті.

7. Өндіріспен байланыс және Тәжірибе

Көрсеткіштер: Өндірістен 64 практик-маман тартылды, 1480 студент тікелей өндіріс мамандарынан дәріс алды.

База: Кәсіпорындармен 102 меморандум/келісімшарт жасалып, кафедралардың өндірістегі 98 филиалы ашылды. 33 БББ-ға дуальды оқыту элементтері енгізілді.

Өзгерістер: «Дуалдық оқыту» пилоттық жобасы жүзеге асуда. Педагогикалық 2-курс студенттері үшін психологиялық-педагогикалық практика үздіксіз (аптасына 1 күн сабақтан тыс) ұйымдастырылды.

Байқоңыр қаласында өндірістік практикадан өту мүмкіндігі ашылып, нәтижесінде 365 түлек 29 мекемеге жұмысқа орналасты.

8. Инклюзивті білім беру және Студенттерді психологиялық қолдау

Инфрақұрылым: Барлық оқу ғимараттары мен жатақханалар пандустармен және арнайы тұрақтармен қамтамасыз етілген. 7-корпуста сыйымдылығы 30 адамдық арнайы Инклюзивті білім беру кабинеті ашылды.

Даярлық: Барлық педагогикалық мамандықтарға «Инклюзивті білім беру» пәні енгізілді. 193 оқытушы осы бағытта біліктілігін арттырды, ал 7 оқытушы Дүниежүзілік банктің қолдауымен Түркістанда өткен халықаралық курстан өтті.

Психологиялық қолдау орталығы: Студенттердің жеке және зияткерлік даму мәселелерін (мазасыздық, депрессия, бейімделу, өзін-өзі бағалау және т.б.) диагностикалау мен түзету бойынша 5 бағытта (диагностика, түзету, кеңес, ағарту, әлеуметтік-ақпараттық) жұмыс істейді. Жыл бойы суицид пен лудоманияның алдын алуға, гендерлік теңдікке бағытталған түрлі тренингтер ұйымдастырылды.

9. 2026-2027 оқу жылында келесі міндеттерді шешу ұсынылады:

1. Әр БББ бойынша жаппай ашық онлайн курстар (MOOK) үлесін 10%-ға жеткізу.
2. «Құқықтану» БББ-ның магистратура деңгейінде лицензияға қосымша алу.
3. Сэндвич бағдарламаларды және дуальды оқытуды кеңейту арқылы өндіріспен байланысты нығайту.
4. Университет бағдарламаларын халықаралық *BySubject* рейтингіне енгізу.
5. Оқу-ағарту министрлігінің реестріне педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын тіркеу.

Төраға: Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

СҰРАҚТАР ҚОЙЫЛДЫ:

Төраға: Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

Н.К.Мыңжасов: Инклюзивті білім беру ортасын құру және инклюзивті білім берудің жаңа моделін енгізу шараларында педагогикалық бағыттағы барлық БББ-ға «Инклюзивті білім беру» пәні енгізілді дедіңіз, ал қалған БББ-на енгізу қажет деп ойламайсыз ба?

Б.А.Досжанов: Бұл құзыреттер педагогтердің кәсіби қызметіне тікелей қатысты. Ал басқа мамандықтар үшін инклюзивтілікке қатысты білім олардың кәсіби қызметінің ерекшелігіне сәйкес жеке пәндер немесе арнайы модульдер аясында қарастырылғаны тиімді әрі жеткілікті.

Ұ.Н.Жанбершиева: Инклюзивті білім беру бойынша мектепте жеке сағат болып есептеледі, осы мәселе жөнінде сабақ ұйымдастыру мәселесінде жолардың қабілеттері мен қажеттіліктеріне орай жалпы топтан бөлек сабақ жүргізіліп, қосымша сағат қарастырылу керек емес па? Жеке эдвайзер тайғайындалу қажет жұмыс жасайтын.

Б.А.Досжанов: Өте орынды, жеке жұмыс жасалып жатқан жоқпыз, бірақ оқу топтарымен бірге де және жеке де қосымша сабақ беру мүмкіндіктері қарастырылып жатыр. Сіздің ұсынысыңызды да қарастырамыз.

А.Н.Мусабаева: Педагогикалық бағыттағы БББ-ң оқу ағарту министрлігі бекіткен курстарды жүргізу, жүргізу мәселесін айттыңыз. Ол қалай жүзеге асырылады ақылы ма, әлде тегін бе. Және оған мектеп мұғалімдері тартылады ма?

Б.А.Досжанов: Оған алдымен БББ жасалу керек, оқу ағарту министрлігінен рұқсат алу керекпін. Әрине әр бір жасалған жұмыс ақылы болады, ретіне қарай мектеп мұғалімдерін де тартуға болады.

Ш.М.Майгельдиева: Менің сұрағым бізде әр жыл сайын әр оқытушыдан дәріс беретін әр пәні бойынша біліктілік арттыру курстарының сертификат талап етіледі. Оны әр оқытушы жан-жақты ізденіп әр қандай біліктілік арттыру орталықтарынан сертификаттар алады. Соны біздің өзіміздің университетте ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыруға болмайды ма? Оны оқыту үшін неге курс ашуға болмайды?

Б.А.Досжанов: Дәрәс беретін әр пәннің оқытушысының өзінің ізденісі болу керек, ал бір пәннен беретін оқытушылар саны көп болса 2-3-тен аспайды, аз адам үшін бізде сырттан адам шақырып курс ұйымдастыру тиімсіз. Бірақ, әр оқытушыда жүргізілетін пәнінің мазмұны бойынша сертификаты болуы қажет. Ал курс ұйымдастыру керек деген мәселе бойынша 50 адам жиналған жағдайда ғана курс ашуға болады. Алдағы жылда ұсыныс болып жатса енгіземіз.

Төраға: Қазіргі заманда адам адаммен емес, адаммен ЖИ бәсекеге түсіп жатыр. Сондықтан маған келіп білім бер деп отыруға болмайды, әр адам өзі ізденетін уақыт келді. Келген адам білім аламын деп келуі керек, сұраныс талап көп болса сонда ғана дәрежемізді көтереміз.

Ал енді, Инклюзивті білім беруге келсек оқуға қабылдағанда қай мамандыққа болады, болмайды соған мән беруіміз керек. Ол педагог болуға жарай ма, жарамайды ма? Баланың мүмкіндігі шектелуі мен төмен болуы, психологиялық тұрғыдан ой өрісінің даму ерекшелігіне байланысты оларға келешекте дәрісханалар жабдықтауға өзгеріс енгізу мәселелері қарастырылып жатыр. Ал, мектептегі үйден оқытылатын бала сияқты, студенттерге де жеке сабақ оқыту үшін ата-ананың келісімі керек, өйткені қоғамда мүмкіндігі шектеулі адамдарды бөлектеуге болмайды.

Қаулыға енгізілсін, 2025-2026 оқу жылында кадрлық әлеует (ғылыми дәрежелері бар) – 52,7%, осыны одан жоғары көтеру үшін келер жылға зерттеу жұмысы жасалу керек. ПОҚ-ның ғылыми әлеуетіне сараптау жасау қажет, сараптама нәтижесін келер жылға ПОҚ санын қысқарту барысында еске алынуы қажет. Сараптама жасау Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға жүктелсін.

Келесі сұрағым, Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясына қанша орын беріліп отыр келер жылға?

Д.М.Жарылғапова: 30 орын берілген. Қазіргі зерттеу бойынша 1 академиялық кезеңде – 25 студент, 2 академиялық кезеңде – 22 студент шығып тұр.

Төраға: Сонда біздің кітелігіміз 5 орынды бос қалдырып отырмыз. Келешек осындай жағдай болмас үшін 1 курстан бастап ғылымға ыңғайлы, білімге құштар, бейім студенттерді ығайлап, соған баулуымыз қажет.

Баланың талаптануына ықпал жасалу керек. Соның нәтижесінде берілген Президент степендиясының адам санына сай ұсыныс жасалады.

Келесі бір мәселе, студенттердің сабаққа қатысуын қадағалау мақсатында сабаққа келмеген білім алушыны Платонус ақпараттық жүйесінде журнал модуліне енгізу үшін енгізілген «QR-код» арқылы бүкіл мамандық бойынша қатысу пайызын алу мүмкін бе, 1-2 академиялық кезең бойынша, білім алушының өзінің келуі арқылы QR ұруы мен оқытушының қою бойынша сараптама жасауға болады ма?

Н.Ш.Нурмағанбетов: Сараптама жасап алуға болады, қажет болса алып бере аламын.

Төраға: Университетте Дуалдық оқыту бойынша соңғы 3-4 жыл ішінде Қызылорда облысы бойынша ашылған кәсіпорындар қамтылмаған, соны қолға алу керек.

Сонымен қатар, мамандық сапасына сай болу үшін білім алушылардың практикадан өтуінің сапасына мән беруіміз қажет. Білім алушыны бір мекемеге жібермес үшін алдын ала оған өз мамандығының қажеттілігі мен іс-тәжірибеден өтетін мекеменің өз мамандығын жетік үйренуі үшін маңызы зор екендігіне байланысты түсіндірме жұмыстарын жасау керек. Алдын ала сол мекемеген білім алушыны алып барып таныстырып, олардың мамандығына қажеттілігін түсіндіру керек, соған назар аударыңыздар.

Келесі бір мәселе, жұмысқа орналастыру 64 па йызды құрап тұр, 75 пайызға жеткізу үшін жұмыс жасалу керек.

А.Бұхарбаева: Зейнетақы қорынан мәліметтер алынды, сараптама жұмыстары жасалуда.

Төраға: Білім арттыру курсы бойынша заман талабына сай курстар ұйымдастырды университет тарапынан қолдаймыз.

Университетінің психологиялық қолдау орталығының студенттердің жеке және зияткерлік даму ерекшеліктерін, оқыту мен тәрбиелеудегі мәселелердің психологиялық себептерін диагностикалауға ғана емес, ең алдымен мұндай мәселелердің алдын алуға және жоюға бағытталған жұмысы маңызды мәселе, сондықтан Уалихан Серікұлы жұмысын қарайық.

Келесі мәселе, MOOK курстарды түсіруді әр БББ-сы бойынша 10%-ға жеткізу үшін, сол MOOK дайындаған оқытушыға авторлық ақы төленеді ма?

Б.А.Досжанов: Университет тарапынан ондай қарастырылмаған, бірақ арнайы конкурстар 30 балдық ең жоғарғы бал беріледі. Ондай мүмкіндік тек біздің университетте А.Әбдімомыновада ғана бар.

Н.Ж.Уразбаев: Осы тұрғыда менің бір ұсынысым бар, басқа университетер сияқты бізде де арнайы жауапты әдіскер және программистермен қамтамасыз етілсе, жаңағы 10 пайызға көтеруге ықпалы тиер еді.

А.Ж.Бұхарбаева: Бұл мәселе қаралды, келер оқу жылына арнайы әдіскерді бөліміз, ол оқытушыларға MOOK дайындаудың талаптарына сай нұсқамалар мен түсіндірмелер беріп отыратын болады. MOOK дайындаудың инструкциясы бар.

Төраға: Қаулыға енгізілсін, MOOK дайындаудың талаптарын орындауға байланысты жауапты әдіскер және программистермен қамтамасыз етілсін және дайындаған оқытушыларға қосымша ақы төлеу қарастырылсын.

Орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер бойынша басқарма мүшесі-проректор Д.М.Абдрашеваға тапсырылсын.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 35 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-35, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1) Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Д.М.Абдрашеваның баяндамасы назарға алынсын.

2) МООК дайындаудың талаптарын орындауға байланысты жауапты әдіскер және программистермен қамтамасыз етілсін және дайындаған оқытушыларға қосымша ақы төлеу қарастырылсын.

3) Университеттің 2025-2026 оқу жылындағы (52,7%) ғылыми әлеуетін жоғары көтеру мақсатында ПОҚ құрамына кешенді сараптама жүргізілсін, нәтижесі 2026-2027 оқу жылындағы штат қысқарту барысында негізге алынсын және орындалуы проректор М.А. Бурибаеваға жүктелсін.

4) Университет бойынша оқу үдерісінің сапасын арттыру міндеттерінің орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер бойынша басқарма мүшесі-проректор Д.М.Абдрашеваға тапсырылсын.

2 сұрақ. Қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағаларының есептерін бекіту туралы (Оқу үдерісін ұйымдастыру және диспетчерлік қызмет басқармасының басшысы Д.М.Жарылғапова)

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Оқу үдерісін ұйымдастыру және диспетчерлік қызмет басқармасының басшысы *Жарылғапова Дина Мұратқызы* Қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағаларының есептерін бекіту туралы *баяндады*.

Баяндаманың негізгі тезистері:

1. Жалпы мәліметтер және бітірушілер контингенті:

- Аттестаттау бакалавриаттың 55 және магистратураның 28 білім беру бағдарламасы (БББ) бойынша жүргізілді.

- Жалпы 2649 түлек бітіреді деп жоспарланды, оның ішінде бакалавриат бойынша – 2429, магистратура бойынша – 220 адам.

2. Бакалавриат қорытындылары:

- Аттестаттауға 2401 студент жіберіліп, 28 студент оқу ақысына байланысты жіберілмеді.

- Диплом жұмысынқ орғау: 234 студент қатысып, үлгерім 100%-ды, сапалық көрсеткіш 98,6%-дықұрады (орташа балл – 3,6).

- Кешенді емтихан: 2156 студент тапсырып, 11 студент келмеді. Үлгерім – 99,7%, сапа көрсеткіші – 92,2% (орташа балл – 2,9).

- Нәтижесінде 2390 түлектің 216-сы үздік дипломға ие болды.

3. Магистратура қорытындылары:

- Қорытынды аттестаттауға 219 магистрант жіберіліп, 215-і диссертациясын сәтті қорғады. Үлгерім – 100%, сапалық көрсеткіш – 96,6% (орташа балл – 3,5).

• 5 магистрант түрлі себептермен (жұмыстың дайын болмауы, практикадан өтпеу, байланысты үзу) диссертация қорғауға қатыспады.

4. Аттестаттау жұмыстарын жетілдіру бойынша негізгі ұсыныстар:

• Бакалавриат: Диплом жұмысын орындауға рұқсат берілетін ең төменгі GPA көрсеткішін 3,25 деңгейіне дейін төмендету; студенттердің зерттеу дағдыларын дамыту үшін жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын көмекші ресурс ретінде тиімді пайдалану; IT-жобаларды қорғау бойынша практикалық тренингтер ұйымдастыру; үш тілде білім беру аясында дипломды қжұмыстарды ағылшын тілінде орындау мүмкіндігін қарастыру.

• Магистратура: Кәсіпорындармен және білім беру ұйымдарымен серіктестікті кеңейту арқылы практика, тағылымдама және жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттыру.

Қорытынды: Қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағаларының берген ұсыныстары ескеріліп, алдағы оқу жылының жұмыс жоспарларына енгізу БББ жетекшілеріне жүктелді.

Төраға: Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

СҰРАҚТАР ҚОЙЫЛДЫ

Н.Ж. Уразбаев: Диплом жұмысын қорғауға байланысты 10 пайызға көтеріп 100 пайыз жасауға болады ма?

Д.М.Жарылғапова: Түлектердің магистратура деңгейінде білімін жалғастыруға ынталандыру және ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында дипломдық жұмысты орындауға рұқсат берілетін ең төменгі GPA көрсеткішін 3,25 деңгейіне дейін төмендетуді ұсынып отырмыз.

Г.Қ.Сыдықова: Негізінен екі кешенді емтихан тапсырған дұрыс шығар, бірақ біздің «Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» білім беру бағдарламасы үшін ол тиімсіз. Өйткені, инженерлерді дайындауда бір ауызша емтихан алып маманды шығару мүмін емес. Диплом жұмысын жазған дұрыс деп ойлаймын. Электрик мамандығына қатысты қадағалау болады, олар схемаларды білу керек, нағыз маман болып шығуы үшін олар жан-жақты зерттеу жасауы қажет.

А.Бұхарбаева: Негізінен диплом жазуға байланысты ережеде арнай талап бар GPA көрсеткіші 3,5 және одан жоғары студенттер ғана диплом жұмысын қорғайды және ғылыми жетістіктері мен жүлделері бар студенттер мен олимпиада, республикалық, облыстық, университет ішілік болса да жеткістіктері мен жүлделері бар студенттерді БББ хаттамасымен қосымша қосу мүмкіндіктері қарастылған.

Б.А.Досжанов: Бұл негізінен 2-3 жыл ішінде шыққан шешім, бұл былтырғы нәтиже мен биылғы нәтижені салыстырғанда 234 студенттің бәрі жақсы, өте жақсыға қорғаған. Бұл осы шешімнің нәтижесі.

Д.М.Абдрашева: GPA көрсеткіші 3,5-ден 3,2-ге төмендету ол магистрлік диссертация мен диплом жазу барысында ЖИ қолдану болып, онда сапа төмендеп кетеді деп ойлаймын. Мысалы, Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» білім беру бағдарламасы бойынша схемаларды білу керек, нағыз маман болып шығуы үшін 4 жыл бойы неге жұмыс жасамасқа. Бір ғана диплом жұмысын жазумен студенттің деңгейі анықталмау керек, оларға 4 жыл оқу барысында мамандықтың қыр-сыры үйретілуі керек.

Г.Қ.Сыдықова: 4 жыл оқу барысында мамандықтың қыр-сыры үйреткенменде диплом жұмысын жазу барысында студентке бір үлкен объект беріліп, ол соның электр жүйесін сызып көрсетіп қорғай алуы қажет.

Д.М.Жарылғапова: Жаңа айтылғандай диплом жұмысын жазатын білім алушылардың қосымша тізімі алдын-ала жасалып БББ хаттамасымен бекітіліп ұсынылуы қажет, өйткені келер жылға сағат есептеуде керек болады.

Б.Б.Абжалелов: Дипломдық жұмысты орындауға рұқсат берілетін ең төменгі GPA көрсеткішін 3,25 деңгейіне дейін төмендету тиімді ұсыныс деп ойлаймын, «Сәулет және құрылыс өндірісі» БББ бойынша да кешенді емтихан дұрыс шешім бермейді.

Төраға: Сол БББ бойынша қорғалған диплом жұмысының ұсыныстарынан нақты өнеркәсіпке ұсынылған диплом жұмысы бар ма?

Б.Б.Абжалелов: Ондай болған жоқ.

Төраға: 4 жыл оқу барысында мамандықтың қыр-сыры үйрету қажет, оны нағыз маман болып шығуы үшін жұмыс жасалу керек, бір диплом жұмысын қорғау арқылы ғана оның мамандығын айқындау мүмкін емес. Осы тұрғыда ҰСЫНЫС GPA көрсеткіші 3,5 бойынша қалдыру және ғылыми жетістіктері мен жүлделері бар студенттер мен олимпиада, республикалық, облыстық, университет ішілік болса да жеткізетектері мен жүлделері бар студенттердің қосымша тізімін қосу БББ құзырында анықталып, берілсін.

Н.О.Аппазов: Менің осыған қатысты бір ұсынысым бар, диплом жазатын студенттер үшін ғылыми жетістіктер мен жүлделер қатыран Scopus базасында және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда мақала жарияланған студенттерді қосу қажет. Сонымен қатар, инженерлік-техникалық және жаратылыстану бағыттар бойынша магистрлік және докторлық диссертацияларға жетекшілік ететін оқытушыларға қойылатын Scopus базасында жарияланған мақаласының болуы туралы талапты диплом жазатын студенттерге де жетекшілік жасайтын оқытушыларға да қойылуы қажет деп ойлаймын.

А.Бұхарбаева: Диплом жазатын студенттерге жетекшілік жасау еңбек өтілі мен ғылыми атағы бар оқытушыларға да беріледі талапқа сай.

Ұ.Н.Жанбершиева: Менде бір сұрақ бар, осы жетекшілік мәселесінде магистранттарға Scopus базасында жарияланған мақаласының болмаса да сабақ беретін оқытушыларға да жетекшілік берілу керек менің ойымша, себебі бір ғана жас оқытушыға Scopus базасында жарияланған мақаласы бар деп 8 магистрантқа жетекшілік беру дұрыс емес. Ол сегізіне бірдей кеңес беріп үлгермейді.

А.Ж.Бұхарбаева: Қазақстанда магистрлік және докторлық диссертацияларға ғылыми жетекшіге қойылатын талаптар негізінен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандарттарымен, сондай-ақ әрбір жоғары оқу орнының академиялық саясаты және ішкі ережелерімен реттеледі. Біз ол талаптан ауытқып кете алмаймыз.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 35 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-35, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Оқу үдерісін ұйымдастыру және диспетчерлік қызмет басқармасының басшысы Д.М.Жарылгапованың баяндамасы назарға алынсын.

2. Әрбір білім беру бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау комиссиясы тарапынан берілген ұсыныстарды ескеріліп, БББ-ң алдағы оқу жылының жұмыс жоспарларына енгізу БББ жетекшілеріне жүктелсін.

3. Университет бойынша қорытынды ұсыныстар қарастырылып, қабылданған шешімдер қаулылардың орындалу есебінде ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректор Д.М.Абдрашеваға жүктелсін.

3 сұрақ. Студенттерді ақылы бөлімнен босаған ваканттық білім гранты орындарына ауыстыру туралы (Оқу үдерісін ұйымдастыру және диспетчерлік қызмет басқармасының басшысы Д.М.Жарылгапова)

Оқу үдерісін ұйымдастыру және диспетчерлік қызмет басқармасының басшысы *Жарылғапова Дина Мұратқызы* студенттерді ақылы бөлімнен босаған ваканттық білім гранты орындарына ауыстыру туралы *баяндады*.

ҚР Ғылым және Жоғары білім Министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы" №443 бұйрығының 4 тармағына сәйкес бакалавриат және магистратура білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттарына Республикалық деңгейде конкурс жарияланғандығына сәйкес босаған мемлекеттік білім грантына үміткер студенттер министрлікке Ғылыми Кеңестің шешімімен төмендегідей ережелер тармақтарына сәйкес ұсынылуы қажет.

Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған білім беру гранттары, білім беру бағдарламаларының топтары бойынша ақылы негізде білім алушыларға конкурстық негізде беріледі.

Конкурс бүкіл оқу кезеңінде үлгерімнің GPA орташа балы негізінде өткізіледі. Университеттің сайтында босаған білім беру гранттарының санын көрсете отырып, ашық конкурс туралы хабарландыру орналастырылады.

Үміткерлер ақылы негізде оқитын студенттер арасынан GPA орташа балының көрсеткіштерінің жоғарылығына қарай алынады.

«F» бағалары бар білім алушылар бос білім беру гранттарына үміткер бола алмайды. Үлгерімінің GPA орташа балының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда бүкіл оқу кезеңінде бағалары A, A- ("өте жақсы") білім алушылар ғана басым құқыққа ие болады, келесі кезекте – A, A- ("өте жақсы") бастап B+, B, B-, C+ ("жақсы") дейінгі бағалар, бұдан әрі – аралас бағалар.

Ақылы негізде контингенті жоқ білім беру бағдарламалары топтарының бос білім беру гранттары үміткер болмауына байланысты ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне қайтарылады.

Ақылы негізде білім алып жатқан білім алушы ЖЖОКБҰ басшысының атына өзінің GPA балын ашық қолжетімді болатындай жариялауға келісімін көрсете отырып, одан әрі жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру гранты бойынша оқуға өтініш береді. Келіп түскен өтініштер ғылыми кеңесінің отырысында қаралады. Босаған білім беру гранттарын беру жазғы және қысқы каникул кезеңінде конкурстық негізде жүзеге асырылады және сәйкесінше ағымдағы жылғы 5 тамызға және 25 қаңтарға дейінгі мерзімде босаған білім беру гранттарына үміткерлердің тізімін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға шешім қабылдау үшін жолданады.

2025-2026 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының нәтижесі бойынша жоғары білім алу процесінде **барлығы 58** оның ішінде, **бакалавриаттың** білім беру бағдарламаларының топтары бойынша **54** бос білім беру гранты босады, **магистратураның** білім беру бағдарламаларының топтары бойынша **4** бос білім беру гранты босады.

Ақылы негізде контингенті жоқ білім беру бағдарламалары топтарының **бакалавриат** бойынша **12**, **магистратура** бойынша **3** бос білім беру гранттары үміткер болмауына байланысты ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне қайтарылады.

Үміткер студенттердің құжаттары сараптамадан өткізілді, оқу үлгерімдерінің орташа балы тіркеуші офисінің базасынан алынды.

Бакалавриат БББ бойынша 42 ваканттық, магистратура БББ бойынша 1 ваканттық бос мемлекеттік білім грантына үміткер білім

алушылар жөнінде мәліметтер кесте бойынша сіздердің назарларыңызға ұсынылады.

Бакалавриат БББ бойынша босаған білім гранттары

БББ топтарының атауы	Курс	Бос орындар саны
B002- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	2ж	1
B004-Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	1	1
B005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	1	1
	2	6
	3	1
B006- Музыка мұғалімдерін даярлау	2	1
B007- Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	2	1
B010- Физика мұғалімдерін даярлау	1	1
B011- Информатика мұғалімдерін даярлау	2	2
B016- Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	2ж	1
	2	1
	3	1
B051- Қоршаған орта	2	1
B057- Ақпараттық технологиялар	1	1
	2	7
	3	1
B058-Ақпараттық қауіпсіздік	1	1
	2	2
B062- Электр техникасы және энергетика	2	1
	2ж	1
	3	2
B063- Электр техникасы және автоматтандыру	2	1
B064- Механика және металл өңдеу	1	2
B065- Көлік техникасы және технологиялар	2	1
B068- Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	2	1
	3	2
B071- Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру	1	1
B074- Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс	1	1
	2	2
B075- Кадастр және жерге орналастыру	1	1
	2	2
B077- Өсімдік шаруашылығы	2	1
B082- Су ресурстары және суды пайдалану	1	1
B090- Әлеуметтік жұмыс	1	1
	2	1
B094- Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар	3	1
		54

Магистратура БББ бойынша босаған білім гранттары

БББ топтарының атауы	Курс	Бос орындар саны
M016- Тарих педагогтерін даярлау	1	1
M099- Энергетика және электр техникасы	1	2
M011- Физика педагогтерін даярлау	1	1
		4

Университетте үміткерлердің болмауына байланысты білім беру бағдарламалары бойынша қайтарылатын гранттар

№	ЖОО атауы	Оқудан шығарылған студенттің аты-жөні, тегі	Білім беру бағдарламалары тобы	Курс
1.	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті	Төлешбай Мадина Қанатқызы	B011- Информатика мұғалімдерін даярлау	2
2.		Арын Мейірхан Азилханұлы	B062- Электр техникасы және энергетика	2 жеделдетілген
3.		Көшербай Ерасыл Ғалымжанұлы	B062- Электр техникасы және энергетика	3
4.		Бегалы Бейбарыс Бақдаулетұлы	B063-Электр техникасы және автоматтандыру	2
5.		Марат Шыңғыс Тимурұлы	B064- Механика және металл өңдеу	1
6.		Сәбитұлы Еркебұлан	B065- Көлік техникасы және технологиялар	2
7.		Сейтжан Нұрдәулет Бөгенбайұлы	B068- Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	2
8.		Бекназар Жанель Нұрланқызы	B068- Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	3
9.		Жуманова Акылай Кенжебекқызы	B068- Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	3
10.		Ертай Досжан Бағдатұлы	B075- Кадастр және жерге орналастыру	2

11.		Мақышбаева Нұрай	В077- Өсімдік шаруашылығы	2
12.		Талғат Дәуіржан Талғатұлы	В094- Санитарлық- профилактикалық іс- шаралар	3
13.		Саттарұлы Ерасыл	М099- Энергетика және электр техникасы	1
14.		Кошкарров Бектай Бекзатұлы	М099- Энергетика және электр техникасы	1
15.		Мұсаева Еңлік Анарбайқызы	М011- Подготовка педагогов физики	1

	Үміткерлердің аты-жөні	Білім беру бағдарламалары топтарының нөмері	Курс	GPA	Оқудан шығарылған студенттің аты-жөні	Білім беру бағдарламалары топтарының нөмері	Курс
1	Абдрайхан Қарақат Абдрайханқызы	B002- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	2ж	2,05	Жеткерқызы Жаңагүл	B002- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	2ж
2	Меңлібай Асылжан Бақытжанұлы	B004-Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	1	3,31	Ғабитұлы Бақжан	B004-Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	1
3	Аймағамбетова Гүлім Қалиқызы	B005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	1	3,58	Алмасбек Әлішер Қанатұлы	B005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	1
4	Амангелдиев Еркебұлан Маратұлы	B005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	2	2.88	Алмағанбетова Құндыз Қалдыбекқызы	B005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	2
5	Алтайқызы Айзат	B005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	2	2.88	Қосмамбетова Нұргүл	B005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	2
6	Иманалиева Самал Батырланқызы	B005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	2	2.76	Шукуров Диас Жеткергенұлы	B005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	2
7	Молдабаев Дамир Русланұлы	B005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	2	2.73	Төлеген Нұрмұхаммед Қайыржанұлы	B005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	2
8	Жағыппар Айханым Ерланқызы	B005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	2	2.7	Ибрагімов Ерсін Еркінұлы	B005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	2
9	Бауыржанұлы Нұржан	B005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	2	2.7	Темірбай Айдын Абдуллаұлы	B005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	2
10	Мақшатова Ақбота Нұрлыбекқызы	B005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	3	2,97	Қайырболов Ернұр Нұрболатұлы	B005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	3

11	Алипбаева Қасиет	В006- Музыка мұғалімдерін даярлау	2	3,33	Есетова Әсел Айдарқызы	В006- Музыка мұғалімдерін даярлау	2
12	Мұзарапова Айзере Саматқызы	В007- Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	2	2,74	Наханша Дәурен Қанатұлы	В007- Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	2
13	Мұқанбетқали Рамазан Мұратұлы	В010- Физика мұғалімдерін даярлау	1	2,54	Бауыржанұлы Айбол	В010- Физика мұғалімдерін даярлау	1
14	Оспан Ерболат Мирамбекұлы	В011- Информатика мұғалімдерін даярлау	2	2,31	Қыстаубаев Ілияс Нуржанұлы	В011- Информатика мұғалімдерін даярлау	2
15	Жетпісбай Ерасыл Нұржанұлы	В016- Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	2ж	2,82	Ахатаев Елдос Серикович	В016- Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	2ж
16	Сақтаған Еңлік Серікқызы	В016- Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	2	3,34	Қалиев Мақсат Сырғабайұлы	В016- Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	2
17	Тоқтарбаева Алтынай Ақылбекқызы	В016- Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	3	3,5	Даниярова Асел Советовна	В016- Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	3
18	Айтмұрат Зарина Мейрамбекқызы	В051- Қоршаған орта	2	2,82	Ағытай Ақерке Еркебұланқызы	В051- Қоршаған орта	2
19	Тасбулат Абылай Онталапұлы	В057- Ақпараттық технологиялар	1	3,2	Әбділлаев Бақжан Ермағанбетұлы	В057- Ақпараттық технологиялар	1
20	Зинабдин Жания Низамидинқызы	В057- Ақпараттық технологиялар	2	3.32	Әбдуали Сәдікжан	В057- Ақпараттық технологиялар	2
21	Ұзақберген Айгелия Ғалымжанқызы	В057- Ақпараттық технологиялар	2	2.99	Шеризат Елқұт	В057- Ақпараттық технологиялар	2
22	Мұханбет Алина Берікқызы	В057- Ақпараттық технологиялар	2	2.96	Сайран Айбын Қанатұлы	В057- Ақпараттық технологиялар	2

23	Әбдіхамит Алтынай Сәбитқызы	B057- Ақпараттық технологиялар	2	2.81	Әбіш Әбілмансұр Берікұлы	B057- Ақпараттық технологиялар	2
24	Ғабитұлы Ислам	B057- Ақпараттық технологиялар	2	2.79	Үсейнов Нұрғиса Сәбитұлы	B057- Ақпараттық технологиялар	2
25	Аяжан Арайлым Бағдатқызы	B057- Ақпараттық технологиялар	2	2.77	Бодыков Алихан Кайырбекович	B057- Ақпараттық технологиялар	2
26	Базарбаев Ержан Ерғалиұлы	B057- Ақпараттық технологиялар	2	2.76	Өтеміс Бақдәулет Бақытбекұлы	B057- Ақпараттық технологиялар	2
27	Өмірболат Әли Нұрланұлы	B057-Ақпараттық технологиялар	3	2,8	Батылжанұлы Думан	B057- Ақпараттық технологиялар	3
28	Өмірбек Бақдәулет Нұрланұлы	B058-Ақпараттық қауіпсіздік	1	3,4	Абдуали Алишер Журагелдиұлы	B058-Ақпараттық қауіпсіздік	1
29	Оразалы Елдос Бекболатұлы	B058-Ақпараттық қауіпсіздік	2	2,53	Жалекеев Данияр Каскырбаевич	B058-Ақпараттық қауіпсіздік	2
30	Мұстапа Ғабиден Талғатұлы	B058-Ақпараттық қауіпсіздік	2	2,73	Арапбай Ақнұржан	B058-Ақпараттық қауіпсіздік	2
31	Қожамұрат Елдос Жомартұлы	B062- Электр техникасы және энергетика	2	2,58	Шайхыбек Айшөрек Асхатқызы	B062- Электр техникасы және энергетика	2
32	Ғабдолқызы Аягөз	B062- Электр техникасы және энергетика	3	2,43	Алшынбайұлы Саят	B062- Электр техникасы және энергетика	3

33	Таженов Әкежан Толыбекұлы	B064- Механика және металл өңдеу	1	2,21	Ажайыпхан Нығмет Жалғасұлы	B064- Механика және металл өңдеу	1
34	Темірбек Аршат Қалдыбекқызы	B071- Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру	1	2,84	Берікұлы Жарқын	B071- Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру	1
35	Марат Арлан Ролланұлы	B074- Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс	1	3,21	Қалыбаев Набижан Тұрмаханұлы	B074- Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс	1
36	Асан Искандер Талғатұлы	B074- Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс	2	3,57	Серік Данияр	B074- Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс	2
37	Ғаниулла Рамазан Тұрарұлы	B074- Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс	2	2,51	Фарабикызы Аяжан	B074- Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс	2
38	Асанханова Нұрай Нұрланқызы	B075- Кадастр және жерге орналастыру	1	2,89	Қуаныш Нұрдәулет	B075- Кадастр және жерге орналастыру	1
39	Серік Шалқар Ерболұлы	B075- Кадастр және жерге орналастыру	2	1,81	Мақшатова Нұрай Ерданақызы	B075- Кадастр және жерге орналастыру	2
40	Әлімхан Ақбота Нұрланқызы	B082- Су ресурстары және суды пайдалану	1	3,15	Серікұлы Ершат	B082- Су ресурстары және суды пайдалану	1
41	Тұрлыбек Ұлдана Мұратқызы	B090- Әлеуметтік жұмыс	1	3,33	Балтабаев Нәби Ғалымжанұлы	B090- Әлеуметтік жұмыс	1
42	Сеилбек Ақбота Маратқызы	B090- Әлеуметтік жұмыс	2	3,23	Тұрсынбай Сымбат Талғатқызы	B090- Әлеуметтік жұмыс	2
43	Дастан Айбала Әбілдақызы	M016- Тарих педагогтерін даярлау	1	3,34	Әшірхан Гүлназ Маратқызы	M016- Тарих педагогтерін даярлау	1

Төраға: Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма? Сұрақ жоқ болса, осы жұмысты назарға алып, үйлестіру аса маңызды.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 35 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә -35, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1) ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне ақылы негізде контингенті жоқ білім беру бағдарламалары топтарының бакалавриат бойынша 12, магистратура бойынша 3 бос білім беру гранттарын үміткер болмауына байланысты бос білім беру гранттары қайтарылсын.

2) ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне бакалавриат БББ бойынша 42, магистратура БББ бойынша 1 мемлекеттік білім грантына үміткер білім алушылардың құжаттары ұсынылсын.

3) Осы қаулының орындалуын бақылау академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректор Д.М.Абдрашеваға жүктелсін.

4 сұрақ. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ-ның Академиялық саясатына өзгеріс енгізу туралы» (Академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің директоры А.Ж.Бұхарбаева)

ТЫҢДАЛДЫ:

А.Ж.Бұхарбаева «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ-ның Академиялық саясатына өзгеріс енгізу туралы *баяндады.*

Баяндаманың негізгі тезистері:

Академиялық саясатқа енгізілген негізгі өзгерістерді талдау

1. Білім беру бағдарламаларының (БББ) тізімін бекіту тәртібі

• **Бұрын:** БББ-ның жалпы тізімі Директорлар кеңесінде әр оқу жылының басында бекітілетін.

• **Жаңа редакция:** Енді бұл тізім тікелей университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі. Бұл шешім қабылдау үдерісін жеделдетіп, академиялық еркіндікті арттырады.

2. Курстан курсқа өту және грантан айырылу шарттары

Бұрын: Студенттердің келесі курсқа өтуі үшін белгіленген ең төменгі ауысу балын (GPA) жинауы міндетті болатын. Оны жинай алмағандар гранттан айырылып, қайта оқу курсына қалатын.

• **Жаңа редакция:** Мәтіннен «GPA жинамаған жағдайда», «курстан курсқа өту балын жинақтай алмаса» деген тіркестер толықтай алынып тасталды. Енді басты критерий — **академиялық қарыздың болуы немесе болмауы.** Студент белгілі бір пәндерден қарызы (академиялық қарызы) болған жағдайда ғана курста қалдырылады немесе грантынан айырылады.

3. Академиялықұтқырлықбойыншажаңажеңілдік (31-тармақ)

• Саясатқа мүлдем жаңа тармақ қосылды. Егер студент шетелдік ЖОО-да академиялық ұтқырлықпен оқып келіп, пән айырмашылығы немесе жазғы семестрге қалып қою себебінен GPA жинай алмаса, оған бұл айырмашылықтарды **алдағы семестрде игеруге мүмкіндік беріледі.**

4. Оқудан шығару ережелерін оңтайландыру

• **Бұрын:** Академиялық қарызы бар, жазғы семестрге өтініш бермеген және келесі курсқа GPA жетпейтін студенттер оқудан шығарылатын.

• **Жаңа редакция:** Оқудан шығару шартынан «келесі курсқа GPA жетпейтін» деген талап алынып тасталды. Енді тек жазғы семестрге немесе

қайта оқу курсына өтініш бермеген, академиялық қарызы бар студенттер ғана 25 тамызға дейін тізімделіп, оқудан шығаруға ұсынылады.

Төраға: Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

СҰРАҚТАР ҚОЙЫЛДЫ

С.Т.Тайман: «Қарыз» бен «Берешек» деген сөздерге қарасты нақты анықтап алу керек сияқты.

С.М.Ильясова: Кез-келген ережеге өзгеріс енгізу кезінде алдын ала қаралу керек. Алдыңғы ережемен осы күнге дейін курстан курсқа көшіріліп келген студенттер тиімсіз, сондықтан да қайта қару керек сияқты. Бұл ереже осы күнге дейінгі оқып келе жатқан студенттерге қатысты болмау керек, бүгінмен бекітілген ереже келер оқу жылындағы студенттерге жүреді негізі.

А.Ж.Исаева: Мен де осын мәселеге байланысты проблема бар. Мысалы басқа мамандықтардан ауысып келген ең көп студент «Экономика және құқық» институтында, биыл 47 студент ауысып келді. Олардың пән айырмашылығы 20 кредит деп қабылдадық. Олар кіріспе курс ретінде 1 курста оқу керек Мемлекет және құқық теориясы. ҚР Конституциялық құқық пәндерін оқымай келіп, арнай пәндерге келген соң сабақтарын тапсыра алмай қалып тағы 2-3 пәннен қарыз болғанда 35 кредит болып кетті де, расписаниеге симай қалып жатыр. Енді оларға жазғы семестрге қалдырамыз ба, әлде пән айырмашылығы деп аламыз ба?

Төраға: Расында да бұл мәселе қаралу керек, бұл сұрақ бойынша қаулы қабылданады, бірақ заңгермен ақылдасып тексеріліп жүйеге сәкестендірілсін.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 35 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-35, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры А.Ж.Бұхарбаеваның баяндамасы назарға алынсын.

2. Университеттің академиялық саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, қайта бекітілсін.

3. Қаулының орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер бойынша басқарма мүшесі-проректор Д.М.Абдрашеваға тапсырылсын.

5 сұрақ. Ғылыми кеңестің 2025-2026 оқу жылының екінші жарты жылдығында қабылданған Қаулылардың орындалуы туралы (Арнайы комиссияның төрағасы Г.Қ.Сыдыкова)

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми кеңестің 2025-2026 оқу жылының екінші жартыжылдығында қабылданған Қаулылардың орындалуы туралы есепті арнайы комиссияның төрағасы *Сыдықова Гүлнар Құдайбергенқызы* баяндады.

Баяндаманың негізгі тезистері:

I. Жалпы статистикалық мәліметтер

Есепті кезеңде Ғылыми кеңестің 14 мәжілісі өткізілді. Оның ішінде:

- Кезекті мәжілістер: 5 (№13, №17, №21, №22, №24)

- Кезектен тыс мәжілістер: 9 (№11, №12, №14, №15, №16, №18, №19, №20, №23)

Қаулылардың орындалу динамикасы толықтай бақылауға алынып, басым бөлігі мерзімінде орындалды, ал ұзақ мерзімді стратегиялық мәселелер бойынша шешімдер орындалу үстінде.

II. Мәжілістер контексіндегі негізгі шешімдер мен орындалу көрсеткіштері

1. Академиялық мәселелер және оқу үдерісін реттеу

Оқу процесін заманауи талаптарға сай ұйымдастыру және студенттер контингентін басқару бағытында келесі маңызды қаулылар іске асты:

- Академиялық күнтізбе мен оқу жоспарлары бекітілді.

- Білім беру бағдарламаларының (БББ) реестрі тізілімне енгізілетін БББ Министрліктің платформасына жүктелді

- Бос білім гранттарын қайта тағайындау үшін Ваканттық орындарға үміткерлердің құжаттары ҚР ҒЖБМ-не уақытылы жолданды.

- Сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша студенттердің жеке оқу кестелері бекітілді.

2. Университеттің стратегиялық дамуы және Жасанды Интеллект (ЖИ)

- ЖИ бағытын дамыту бойынша Жасанды интеллект институтының материалдық-техникалық базаны нығайту және шетелдік білікті мамандарды тартудың жолдары қарастырылды.

3. Ғылыми-зерттеу қызметі, зертханалар мен орталықтардың есептері тыңдалды.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және Академиялық адалдық мәселелері қарастырылды.

5. Кадрлық және ұйымдастырушылық өзгерістер бойынша Басқару құрамының жаңаруы туралы бұйрық бекітілді және Оқытушы-профессорлар құрамы мен әкімшілік лауазымдарға орналасу ережесіне сәйкес конкурстық комиссия құрамы жаңартылды.

6. Марапаттаулар, Ғылыми атақтар және еңбектерді бспаға беру туралы ісі қарастырылды.

III. Қорытынды және ұсыныстар

Ғылыми кеңес қаулыларының орындалу мониторингі көрсеткендей, есепті кезеңдегі тапсырмалардың басым бөлігі мерзімдерге сай толық орындалған.

Алға қойылатын міндеттер:

1. Жасанды интеллект бағытындағы жаңа құрылымдар мен инфрақұрылымды жақсарту мерзімдерін (сәуір, тамыз 2026 ж.) бақылауда ұстау.

2. «Platonus» АЖ жүйесін Деректер өңдеу орталығына (ЦОД) көшіру бойынша мониторингін үздіксіз жалғастыру.

3. Ғылыми зертханалар мен орталықтардың инновациялық жобаларын коммерцияландыру және өңірлік кәсіпорындар мен байланысын күшейту.

4. Университеттің 7 ғылыми журналының ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасызету комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған басылымдар тізіміне енгізілу жұмыстарын талапқа сай ұйымдастыру

5. Университет түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейін үздіксіз бақылауда ұстау.

Төраға: Барлық айтылған мәселелер дұрыс көтеріліп жатыр. Осыған орай бұл мәселе өзекті. Әсіресе, университеттің 7 ғылыми журналының ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасызету комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған басылымдар тізіміне енгізілу жұмыстары күн тәртібінен түспеу керек. Университет тарапынан қолдау жасалады.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 35 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-35, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1 Ғылыми кеңестің 2025-2026 оқу жылының екінші жартыжылдығында қабылданған Қаулылардың орындалуы туралы есеп назарға алынсын.

2 Осы Қаулылардың толық орындалуын бақылау аппарат басшысы Бердалиева Гулзат Кыстаубаевнаға жүктелсін.

Төраға: Күн тәртібіне сәйкес енді әр түрлі мәселелеге көшейік. Өртүрлі мәселе бойынша Ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы Мыңжас Нұрлыбек Кәрібозұлы баяндады.

ТЫҢДАЛДЫ:

6.1. СҰРАҚ 2026-2027 оқу жылына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Профессор-зерттеуші» мәртебесіне үміткерлерді ұсыну туралы баяндау үшін Ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы **Мыңжас Нұрлыбек Кәрібозұлы сөз алды.**

Баяндаманың негізгі тезистері:

2026–2027 оқу жылына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Профессор-зерттеуші» мәртебесіне үміткерлердің көрсеткіштерін жинақтап, салыстырмалы талдау дайындалды.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

- Жарияланымдар белсенділігі: Журналдардың WoS (Q1, Q2) немесе Scopus базасында кемінде 35 процентиль көрсеткіші болуы тиіс. Соңғы 3 жылда белсенді зерттеу қызметі жарияланымдармен расталуы керек.

- Жұмыс тәжірибесі: Ғылыми-зерттеу саласында кемінде 10 жыл еңбек өтілі.

- Хирш (h-index) индексі: Жаратылыстану-техникалық бағыт үшін — кемінде 3, әлеуметтік-гуманитарлық бағыт үшін — кемінде 2.

- Жобаларға жетекшілік: Үміткердің басшылығымен жұмыс істеп тұрған ғылыми-зерттеу жобасының болуы міндетті.

Үміткерлердің көрсеткіштерін салыстыру кестесі:

Университет бойынша 3 ғалымның құжаттары мен ғылыми жетістіктері осы мәртебеге сәйкес деп танылған:

Үміткердің Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі мен қызметі	Бағыты	h-index	Scopus / WoS	ҚР ҒЖБСБК	Жарияланған еңбектері	Басқаратын немесе қатысатын ғылыми жобалары РРТХ
Құрманбаев Рахат Хамитович Биология, география және химия БББ	Жаратылыс-тану	6	10	17	Оқу құралы – 3 Монография – 1 Оқулық – 1	«Жаңақорған ауданы Хорасан-1 кенішінің жұмыс ауданындағы биоалуантүрлілікті зерттеу» ЖШС тапсырысы) «Арал теңізі табанының

профессоры м.а., б.ғ.к.						экожүйесін жақсарту» (Б.Өтемұратов қоры, Беркли қ. Калифорния ун-ті, ХАТҚ бірлескен меморандумы)
Әбікенов Жарқынбек Оралбекұлы Философия және әлеуметтік гуманитарлық пәндер секциясының қауымдастырылған профессоры, PhD	Әлеуметтік гуманитар-лық	3	11	27	Моногра-фия – 5 Оқулық – 3	• АР19577138 – «Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтар үдерістерін мәдени талдау» (Жетекші) • АР19677146 – «Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі этникалық азшылықтардың этникалық бірегейлену үдерістерін кросс-мәдени және аксиологиялық талдау» (Жетекші) • АР26101317 (Жетекші ғылыми қызметкер)
Қоңырбаев Нұрбек Беркінбайұлы Компьютерлік ғылымдар БББ жетекшісі, қауымдастырылған профессор, PhD	Техникалық	4	18	5	Моногра-фия – 1 Авторлық куәлік – 1	• Cyber4CA – «Орталық Азияның цифрлық еңбек нарығы үшін киберқауіпсіздік саласында магистратураның инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу» (Халықаралық Эразмус+ жобасының орындаушысы) • АР25796743 – Интеллектуалды басқару жүйелерін синтездеу жобасы (Ғылыми кеңесші)

Төраға: Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

СҰРАҚТАР ҚОЙЫЛДЫ

Н.О.Аппазов: Компьютерлік ғылымдар БББ жетекшісі, қауымдастырылған профессор, PhD Қоңырбаев Нұрбек Беркінбайұлы үміткерлер қатырына қалай енгіздіңіздер?

М.А.Бурибаева: Мен жауап беріп кетейін, Нұрбек Беркінбайұлынң кандидатурасы қызметкерлерге «Профессор-зерттеуші» мәртебелерін беру туралы ережесінің талаптарының барлығына сәйкес келіп тұр, тек БББ жетекшілігі бойынша ол кісі толық орындаймын деп келісті, сондықтан да біз үміткерлер қатарына қосылды.

Б.А.Досжанов: Менде бір ұсыныс бар, жалпы ережеге сай «Профессор-зерттеуші» мәртебелерін алған оқытушалар жалпы жүктеме бойынша 1 ставка сағаттың 0,5 жүктемесін ғана орындайды. Осыған орай, әр оқытушы жыл соңында есеп беру керек, өздерінің орындаған жүктемеліне сай.

Төраға: Өте орынды ұсыныс, «Профессор-зерттеуші» мәртебелерін алған оқытушылардан есеп алынсын. Өз атағына сай жұмыс жасалмаған болса ол келер жылға алынып тасталуы қажет.

А.Бұхарбаева: БББ жетекшілігіне берілетін 200 сағат, қалған сағаты 480 болса, «Профессор-зерттеуші» мәртебелерін иеленгеннен соң сағат қалай бөлінеді? Ол мәселе жүктеме бөлу нормасында қарастырылмаған.

М.А.Бурибаева: БББ жетекшілігі бойынша ол кісі толық орындайды және 480 сағаттың 240 сағатын орындайтын болады.

Төраға: Бұл мәселе жұмыс барысында ақылдасып шешілсін, қаулы қабылдансын.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 35 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-35, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. 2026–2027 оқу жылына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Профессор-зерттеуші» мәртебесіне /лауазымына ұсынылған үміткерлер тізімі (Р.Х.Құрманбаев, Ж.О.Әбікенов, Н.Б.Қоңырбаев) бекітілсін.

2. Осы Қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға жүктелсін.

6.2 сұрақ – Оқу құралдары мен түсіндірме сөздігі және естеліктер жинағын баспаға ұсыну (Ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы Мыңжас Нұрлыбек Кәрібозұлы).

ТЫҢДАЛДЫ:

Оқу құралдары мен түсіндірме сөздігі және естеліктер жинағы баспаға ұсыну туралы баяндау үшін Ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы *Мыңжас Нұрлыбек Кәрібозұлы* сөз алды.

Баяндаманың негізгі тезистері:

Баспаға ұсынылатын еңбектердің сипаттамасы

1. «Актерлік шеберлік» оқу құралы

• Авторлары: PhD Г.Б. Байулов, пед. ғ. магистрі Г.Т. Жағалова («Дәстүрлі музыка өнері және хореография» БББ аға оқытушылары).

• Пікірбілдірушілер: пед. ғ. докторы, профессор Ш.М. Майгельдиева (Қорқыт Ата ун-ті); PhD, қауымдастырылған профессор А.И. Раимбергенов (Қ.Жұбанова тындағы Ақтөбе өңірлік ун-ті); PhD А.М. Джанисенова (Ш.Есенов атындағы КМТУ).

• Мазмұны мен көлемі: 6,4 б.т. Традициялық музыка өнері БББ студенттеріне арналған, дәстүрлі орындаушылық өнердегі актерлік шеберліктің орны, сахналық образ жасау және импровизация мәселелерін қамтиды.

2. «PIRLS халықаралық зерттеуі негізінде оқу сауаттылығын бағалау» оқу-әдістемелік құралы

• Авторлары: пед.ғ.магистрі А.У. Керейбаева, пед. ғ. кандидаты, доцент М.К. Жайлауова («Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» БББ).

• Пікір білдірушілер: пед.ғ.докторы, профессор Ж.И. Сардарова (Абай атындағы ҚазҰПУ); PhD, аға оқытушы Н.Ж. Дүйсекеева (Қорқыт Ата ун-ті).

• Мазмұны мен көлемі: 10 б.т. Бастауыш сынып мұғалімдері мен студенттеріне арналған, PIRLS халықаралық форматына сәйкес әзірленген ақпараттық-әдеби мәтіндер мен бағалау үлгілері ұсынылған.

3. «Психологиялық-педагогикалық терминдердің үш тілді түсіндірме сөздігі»

• Авторлары: докторант Ж.Б.Изтлеуова, п.ғ.д., профессор Ш.М.Майгельдиева, п.ғ.к. А.Ж. Аяганова.

• Пікірбілдірушілер: псих. ғ. кандидаты, қауымдастырылған профессор Н.С. Жұбаназарова (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ); филол. ғ. кандидаты, доцент М.Ш. Жұмағұлова; PhD, БББ жетекшісі Б.Ж. Бекжанова (Қорқыт Ата ун-ті).

• **Мазмұны мен көлемі:** 2 б.т. Үш тілді білім беру аясында заманауи педагогикалық және психологиялық терминдердің қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармасы мен түсіндірмесі берілген.

4. «Между прошлым и будущим» естеліктер жинағы

• **Авторы:** Л.Н. Орлова (Орыстілі мен әдебиеті БББ аға оқытушысы, зейнеткер).

• **Пікір білдірушілер:** филол.ғ.кандидаты, қауымдастырылған профессор Д.Б. Аманжолова (Астана ІТ университеті); филол. ғ. кандидаты, аға оқытушы Г.Ж. Кизатова (Қорқыт Ата ун-ті).

• **Мазмұны мен көлемі:** 55 б.т. Автордың шығармашылық қызметі барысында жарияланған үздік публицистикалық мақалалары, сұхбаттары мен репортаждары топтастырылған.

Барлық ұсынылған еңбектер антиплагиат бағдарламасынан сәтті өткен және рецензенттер тарапынан оң пікірлер алған.

Төраға: Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма? Сұрақ жоқ.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 35 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-35, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Оқу құралдары мен түсіндірме сөздігі және естеліктер жинағы бекітуге ұсыну туралы баяндама назарға алынсын.

2. «Дәстүрлі музыка өнері және хореография» БББ аға оқытушысы, PhD Байулов Гани Бекхожаевич пен аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі Жағалова Гүлнұр Тұңғышбайқызының бірлескен «Актерлік шеберлік» оқу құралы баспаға ұсынылсын.

3. «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» БББ оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі Керейбаева Анар Умирзаковна мен Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» БББ доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Жайлауова Манат Кенесовнаның бірлескен «PIRLS (ПИРПС) халықаралық зерттеуі негізінде оқу сауаттылығын бағалау» оқу-әдістемелік құралы баспаға ұсынылсын.

4. «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» БББ докторанты Изтлеуова Жанна Бахытжановна, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» БББ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Майгельдиева Шарбан Мусабековна, Адами ресурстарды басқару институты, HR (ЭЙЧАР) әдістемелік сектор меңгерушісі, психология ғылымдарының кандидаты Аяганова Алмагуль Жандильдаевнаның бірлескен «Психологиялық-педагогикалық терминдердің үш тілді түсіндірме сөздігі» баспаға ұсынылсын.

5. Орыс тілі мен әдебиеті БББ аға оқытушы, зейнеткері Орлова Любовь Николаевнаың «Между прошлым и будущим» атты естеліктер жинағы баспаға ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға жүктелсін.

6.3 сұрақ – Докторанттардың және магистранттың диссертация тақырыбына өзгертулер енгізіп, қайта бекітуге және докторанттардың отандық, шетелдік ғылыми кеңесшілерін қайта тағайындау (Ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы Мыңжас Нұрлыбек Кәрібозұлы).

ТЫҢДАЛДЫ:

Докторанттардың және магистранттың диссертация тақырыбына өзгертулер енгізіп, қайта бекітуге және докторанттардың отандық, шетелдік ғылыми кеңесшілерін қайта тағайындау бойынша Ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы *Мыңжас Нұрлыбек Кәрібозұлы* сөз алды.

Баяндаманың негізгі тезистері:

Диссертация тақырыптары мен жетекшілердегі өзгерістер

Университет бойынша 5 докторант пен 1 магистранттың құжаттарына түзетулер енгізілді:

Су шаруашылығы және аграрлық бағыт

• Алибекова Айгуль Кикбаевна (Докторант, 8D08675):

○ *Ескі тақырыбы:* Климаттық өзгерістер жағдайында Сырдарияның су ресурстарын тиімді реттеу және экологиялық ағынды зерттеу.

○ *Жаңа тақырыбы:* «Қызылорда облысының күріш ауыспалы егісінде суаруды цифрлық басқарудың инновациялық технологияларын зерттеу және жетілдіру».

○ *Өзгеріс:* Екінші отандық ғылыми кеңесші ретінде т.ғ.к. Байманов Жанузак Нурдилдаевич (Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ) тағайындалды.

• Қалиасқаров Нұрсұлтан Мақсатұлы (Магистрант, 7M08674):

○ *Ескі тақырыбы:* Қызылорда облысы жағдайында мал азығындық асқабақты өсіруде сарқынды суларды пайдалану.

○ *Жаңа тақырыбы:* «Тұздалған топырақтарды доломит минералын қолдану арқылы жақсарту және күріш өнімділігін жоғарылату».

Педагогика және психология бағыты

(Барлық 3 докторанттың ғылыми кеңесшісі – п.ғ.д., профессор Ш.М. Майгельдиева)

• Базарбаева Айгерім Абайқызы (8D01101, 2020-2023 жж.):

○ *Ескі тақырыбы:* Болашақ педагогтердің валеологиялық мәдениетін аксиологиялық тұғыр негізінде қалыптастыру.

○ *Жаңа тақырыбы:* «Болашақ педагогтердің денсаулық сақтау мәдениетін аксиологиялық тұғыр негізінде қалыптастыру».

• Сапартаева Лаззат Егизбаевна (6D010200 / 8D01303, 2018-2021 жж.):

○ *Ескі тақырыбы:* Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби тұлғасын қалыптастыруда Сыр сүлейлерінің шығармаларын пайдалану.

○ *Жаңа тақырыбы:* «Сыр сүлейлерінің шығармаларын егізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби тұлғасын қалыптастыру».

- Омарова Ләззат Тәліпқызы (6D010300 / 8D01101, 2018-2021 жж.):
 - *Ескі тақырыбы:* Болашақ педагогтардың толеранттылық мәдениетін аксиологиялық тұғыр негізінде дамыту.
 - *Жаңа тақырыбы:* «Болашақ педагогтердің толеранттылық мәдениетін аксиологиялық тұғыр негізінде дамыту».

Өндіріс және құрылыс бағыты

- Дильманова Айжан Туребаевна (Докторант, 6D073000, 2017-2020 жж.):
 - *Өзгеріс:* Шетелдік ғылыми кеңесшіт.ғ.д., профессор В.П. Поповтың зейнетке шығуына байланысты, жаңа шетелдік кеңесші болып Самара мемлекеттік техникалық университетінің доценті, т.ғ.к. Попов Дмитрий Валериевич қайтата ғайындалды.

Ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы Мыңжас Нұрлыбек Кәрібозұлының баяндамасы бойынша негізгі өзгерістер докторанттар мен магистранттардың зерттеу бағыттарын нақтылау және шетелдік кеңесшінің зейнетке шығуына байланысты туындаған.

Төраға: Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма? Сұрақ жоқ.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 35 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-35, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1) 8D08675 - Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау БББ докторанты Алибекова Айгуль Кикбаевнаның диссертация тақырыбына өзгертулер енгізіп,

«Қызылорда облысының күріш ауыспалы егісінде суаруды цифрлық басқарудың инновациялық технологияларын зерттеу және жетілдіру» тақырыбы қайта бекітілсін және екінші отандық ғылыми кеңесшісі ретінде «Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» Басқарма төрағасының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, техника ғылымдарының кандидаты Байманов Жанузак Нурдилдаевич тағайындалсын.

2) 8D01101 - Педагогика және психология БББ докторанты Базарбаева Айгерім Абайқызының диссертация тақырыбына өзгертулер енгізіп, «Болашақ педагогтердің денсаулық сақтау мәдениетін аксиологиялық тұғыр негізінде қалыптастыру» тақырыбы қайта бекітілсін.

3) 6D073000 - Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру БББ докторанты Дильманова Айжан Туребаевнаның шетелдік ғылыми кеңесшісі Самара мемлекеттік техникалық университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы Попов Валерий Петровичтің зейнетке шығуына байланысты орнына техника ғылымдарының кандидаты Попов Дмитрий Валериевич тағайындалсын.

4. 7M08674 - Су ресурстары және суды пайдалану БББ магистранты Қалиасқаров Нұрсұлтан Мақсатұлының диссертация тақырыбына өзгертулер енгізіп, «Тұздалған топырақтарды доломит минералын қолдану арқылы жақсарту және күріш өнімділігін жоғарылату» тақырыбы қайта бекітілсін.

5. 6D010200 (8D01303) - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі БББ докторанты (2018-2021 оқу жылдары) Сапартаева Лаззат Егизбаевнаның диссертация тақырыбына өзгертулер енгізіп, «Сыр сүлейлерінің шығармалары негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби тұлғасын қалыптастыру» тақырыбы қайта бекітілсін.

6) 6D010300 (8D01101) - Педагогика және психология БББ докторанты (2018-2021 оқу жылдары) Омарова Ләззат Тәліпқызының диссертация тақырыбына

өзгертулер енгізіп, «Болашақ педагогтердің толеранттылық мәдениетін аксиологиялық тұғыр негізінде дамыту» тақырыбы қайта бекітілсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Бурибаева Майнура Абильтаевнаға жүктелсін.

6.4 сұрақ – 2026-2027 оқу жылының оқу үдерсінің кестесін және академиялық күнтізбесін бекіту (Академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің директоры А.Ж.Бұхарбаева)

ТЫҢДАЛДЫ:

2026-2027 оқу жылының оқу үдерсінің кестесін және академиялық күнтізбесін бекіту туралы Академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің директоры *Бұхарбаева Ақмарал Жетібайқызы* сөз алды.

Баяндаманың негізгі тезистері:

Оқу үдерісі мен Академиялық күнтізбенің негізгі параметрлері

Академиялық күнтізбе бакалавриат (соның ішінде қысқартылған оқу түрі), магистратура (ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыт) және докторантураның барлық курстарын қамтиды.

1. Бакалавриат (1-3 курстар)

- Күзгі семестр: Теориялық оқыту 2026 жылғы 7 қыркүйек пен 18 желтоқсан аралығында (15 апта) өтеді. 1-ші курс студенттерінің пәндерге жазылуы және жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастыруы 7–11 қыркүйекке жоспарланған. Қысқы емтихан сессиясы 21 желтоқсан мен 8 қаңтар аралығында ұйымдастырылады.

- Көктемгі семестр: Теориялық оқыту 2027 жылғы 18 қаңтардан 30 сәуірге дейін жалғасады. Жазғы емтихан сессиясы 3–21 мамыр аралығында өтеді. 1-3 курс студенттері үшін элективтік пәндерді таңдау науқаны 11–22 наурыз аралығына белгіленген.

- Практикалар мен жиындар: 3-курс студенттері үшін 2027 жылғы 5 шілде – 13 тамыз аралығында Әскери жиын өтеді.

2. Қысқартылған оқу түрі (онлайн/офлайн аралас формат)

- Күзгі семестр: Дәрістер 7 қыркүйек – 30 қазан аралығында ONLINE форматта, ал 2 қараша – 18 желтоқсан аралығында OFFLINE форматта өткізіледі.

- Көктемгі семестр: 18 қаңтар – 12 наурыз аралығында дәрістер ONLINE өтсе, 15 наурыздан бастап 30 сәуірге дейін білім алушылар OFFLINE форматқа ауысады. Кешенді емтиханға дайындық 2027 жылғы 3 мамыр мен 4 маусым аралығында жүргізіліп, қорытынды аттестаттау 7–18 маусымда өтеді.

3. Магистратура және Докторантура

- Магистратура (Ғылыми-педагогикалық бағыт, 2 жылдық): 2-курс магистранттарының магистрлік диссертацияларын қорғауы 2027 жылғы 31 мамыр мен 4 маусым аралығында бекітілген.

- Магистратура (Бейіндік бағыт, 1 жылдық): Эксперименттік-зерттеу жұмысы 8 наурыз – 30 сәуірі аралығында жоспарланған. Магистрлік жобаны қорғау 31 мамыр – 4 маусым аралығында өтеді.

- Докторантура (1-3 курстар): 3-курс докторанттарының докторлық диссертацияны жазуы және рәсімдеуі 12 сәуір – 28 мамыр аралығында жүзеге асырылып, қорғау кезеңі 31 мамыр – 4 маусымға бекітілген.

Төраға: Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма? Сұрақ жоқ.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 35 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-35, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры А.Ж.Бұхарбаеваның баяндамасы қабылдансын.

2. 2026-2027 оқу жылына арналған оқу үдерісінің кестелері мен академиялық күнтізбелері бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректор Д.М.Абдрашеваға жүктелсін.

6.5 сұрақ – №1, №5 оқу ғимараттарының екі дәрісханасына атау берілу туралы (Гуманитарлық-педагогикалық институтының директоры С.Т.Тайман, Инженерлік-технологиялық институтының директоры Б.Б.Абжалелов)

ТЫҢДАЛДЫ:

№ 1, 5 оқу ғимараттарының екі дәрісханасына атау берілу туралы ұсыныс бойынша Гуманитарлық-педагогикалық институтының директоры *Сағат Тайман* мен Инженерлік-технологиялық институтының директоры *Бақытбек Абжалеловке* беріледі.

Баяндаманың негізгі тезистері:

Дәрісханаларға атау беру және материалдық жабдықтау жоспары

1. Қалқабай Әбеноватындағы журналистік шеберлік зертханасы (№1 оқу ғимараты, 215-дәрісхана)

• Тұлға туралы мәлімет: Қалқабай Әбенов – XX ғасырдың екінші жартысындағы Сыр өңірінің қоғамдық-саяси және мәдени өмірінде өзіндік орны бар көрнекті журналист, қоғам қайраткері, еңбек және соғыс ардагері. Ұзақ жылдар бойы облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінің редакторы қызметін атқарып, ұлттық журналистиканың дамуына үлкен үлес қосқан. Ол «Құрмет белгісі», I дәрежелі Отан соғысы, «Халықтардостығы» ордендерімен марапатталған.

• Жабдықтауы: Дәрісхана Қалқабай Әбеновтың ұрпақтарының демеушілігімен заманауи компьютерлермен, интерактивті тақтамен және қажетті оқу құралдарымен толық жабдықталады.

2. Байманов Ғалым Дүйсенбайұлының атындағы дәрісхана (№5 оқу ғимараты, 203А-дәрісхана)

• Тұлға туралы мәлімет: Байманов Ғалым Дүйсенбайұлы – мұнай-газ саласының еңбек сіңірген ардагері, техника ғылымдарының кандидаты, ҚР Ұлттық Инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі және Қорқыт Ата атындағы ҚҰ «Құрметті профессоры». 2016 жылдан бастап «Petro Kazakhstan Kumkol Resources» АҚ Басқарма төрағасының техникалық мәселелер жөніндегі орынбасары қызметін атқаруда. «Құрмет» орденімен және «Ернең бегі үшін» медалімен марапатталған.

• Жабдықтауы: Дәрісхана Байманов Ғалым Дүйсенбайұлының тікелей демеушілігімен қажетті оқу құралдарымен жабдықтау жоспарлануда.

Төраға: Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма? Сұрақ жоқ.

СҰРАҚТАР ҚОЙЫЛДЫ:

Қ.Ә.Омаров: Байманов Ғалым Дүйсенбайұлы Қазақстанның мұнай-газ саласының ардагері, инженер, өндіріс басшысы және ғылыми ортада да танылған маман. Ол кісінің атына бергелі отырған дәрісхана шағын сияқты, үлкендеу дәрісхана қарастырылғаны дұрыс деп ойлаймын.

Төраға: Өте орынды, Ғалым Дүйсенбайұлы өндірісті ұйымдастыру, кен орындарын игеру және мұнай өндіру тиімділігін арттыру бағытындағы жұмыстарға қатысқан. Бұл еңбегі үшін әріптестері арасында тәжірибелі өндіріс басшысы

ретінде танылған азамат, сондықтан үлкен дәрісхана беру мәселесі қарастырылсын.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 35 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-35, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1) Университеттің №1 оқу ғимаратында 215-дәрісханасына «Қалқабай Әбенов атындағы журналистік шеберлік зертханасы» атауы берілсін.

2) Университеттің №5 оқу ғимаратында үлкен дәрісхана қарастырылып «Байманов Ғалым Дүйсенбайұлының атындағы дәрісхана» атауы берілсін.

3) Осы қаулының орындалуын бақылау Аппарат басшысы Гульзат Кыстаубаевна Бердалиеваға жүктелсін.

Төраға: Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралды. Барлық баяндамашыларға рақмет!

Осы Ғылыми Кеңес мәжілісінің хаттамасы негізінде қаулылардың уақытылы орындалуын бақылау Аппарат басшысы Гульзат Кыстаубаевна Бердалиеваға жүктеледі.

Мәжіліс жабық. Сау болыңыздар!

Ғылыми кеңес Төрағасы

Ғалым хатшы

Н.С.Байқадамов




















Л.А. Жусупова

Ғылыми кеңес мүшелерінің келу парағы

№ 26 мәжіліс

Өту мерзімі: 29.06.2026 ж.

Сағат: 10:00

№	Аты-Жөні-Тегі	Қолы
1.	Байқаламов Наурызбай Сейткалиұлы	
2.	Абдрашева Дана Мейрамовна	
3.	Бұрибаева Майнура Абильтаевна	өңбек демалысында
4.	Досжанов Баянәлі Амантайұлы	
5.	Ібраев Уалихан Серікұлы	
6.	Бердалиева Гүлзат Қыстаубайқызы	
7.	Бисенов Қылышбай Алдабергенұлы	
8.	Қошқаров Серікбай Иманбайұлы	
9.	Уразбаев Нұрлан Жеткергенұлы	
10.	Сактаганова Нәргүл Аманқызы	іс сапарда
11.	Бұхарбаева Ақмарал Жетібайқызы	бұрыт
12.	Жаппасбаев Алібек Бахытжанұлы	оңтүстік
13.	Ильясова Самал Мырзамұратқызы	
14.	Оразбаков Айтжан Жұмабайұлы	іс сапарда
15.	Кәрібозұлы Бағдат	си аууда
16.	Омаров Кәли Әбдіұлы	
17.	Сәтбаева Гүлмира Әлібайқызы	оңтүстік
18.	Абжаев Марат Мәлікұлы	
19.	Тайман Сағат Тамшыбайұлы	
20.	Тоқтаганова Гүлжас Бадакқызы	
21.	Құлмырзаев Нұрлан Серікұлы	
22.	Абжалелов Бахытбек Байдосұлы	
23.	Мирманов Нақу Бахаутдинұлы	
24.	Исаева Айнуір Жөнісқызы	
25.	Кашев Бакыт Қалиұлы	
26.	Жанберішьева Үлжан Нахатқызы	оңтүстік 
27.	Қожамбердиев Баймырза	ал аууда
28.	Таутенов Ибадулла Айғалиұлы	іс сапарда
29.	Сейтмұратов Аңғысын Жасаратулы	оңтүстік
30.	Майгельдиева Шарбан Мұсабекқызы	
✓ 31.	Аппазов Нұрбол Орынбасарұлы	оңтүстік
32.	Сыдыкова Гүлнар Құдайбергенқызы	
33.	Айтқимов Мұрат Жолдасбекұлы	оңтүстік
34.	Нурмағанбетов Нұрлан Шарипұлы	
35.	Биталов Сейдади Умиртаевич	
36.	Мұсабаева Айгүл Нәжмадиновна	
37.	Сыздықова Махпат Бархияевна	
38.	Жүсіпова Ләйла Әжібайқызы	ал аууда
39.	Смагулова Жанна Бағлановна	оңтүстік
40.	Абдуллахан Зарина Ержепқызы	
41.	Прохорова Виктория Сергеевна	